

“Дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктердің қалыптасуы”





**Мақсаты: Балабақшада
математика сағатында
дидактикалық мазмұнды
ойын есептерін қолдану арқылы
балабақша балаларының
қарапайым математикалық
түсініктерін дамыту.**

Міндеттері:

-балабақшада математика сағатында дидактикалық ойын есептерін қолданудың қазіргі жағдайын анықтау және ол ойындарды қолданып балалардың ой-өрісін дамытудың теориялық негізін анықтау;

-дидактикалық мазмұнды ойын есептерін қолданып балалардың ой-өрісін дамытудың әдіс-тәсілдерін анықтап, оны психологиялық-педагогикалық тұрғыда негіздеу.


-балабақшада математика сағатында дидактикалық мазмұнды ойын есептерін қолданып балалардың ой-өрісін дамытудың әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибеде қолдану.



Математика өзінің даму тарихын ықылым заманнан бастап, өркениеттің табыстарын паш етіп қана қоймай, оның өркендеуіне де мол үлес қосып келе жатқан ғылым. Біздің болашағымыз өсіп келе жатқан жас жеткіншектер екенін білеміз. Осы елбасымыздың биылғы 25 – қаңтарда жолдаған жолдауында айтылған мәселелердің бәрі еліміздің көркеюіне, дамуына жасалып отырғанын білеміз. Республикамыздың «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің міндеті - ұлттық және жалпы ұлттық азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, білімін бекітуге бағытталған.



Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев “Ойын ойнап ән салмай өсер бала болама?”-деп айтқандай бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Баланың өмірі қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Мұны балабақша балаларының білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағыттауына мақсатталуы айқын көрсетеді. Ізденпаздық тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы) байқалады.



Ойындарды мақсатты пайдалану мәселесі қандай да бір деңгейде балабақша балаларына тәрбие беру теориясымен оқыту тәжірибесінде шешімін тапқан. Педагогикалық ғылымның аталған саласында Л.А.Венгер, В.В.Давыдов, А. В.Запорожен, А.П.Усова, Д.Б.Элькойн ж\е т.б ғалымдар елеулі үлестерін қосты. Бұл процесс қазірде толассыз жүріп жатыр. Математика өзінің туын, өрбу барысында тарихи дамудың ұзақ жолын басып өтті.

 Mickey Mouse is standing in a classroom, wearing a purple shirt and brown shoes. A chalkboard with some writing is visible behind him.

Математика сабақтарында ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Егер ойында оқу-қызметінің ортасында қолданса, онда балалардың көңіл-күйлерін сергіту, шаршағанды ұмыттырып ерік-жігерін дамыту мақсатын көздейді.

 A yellow duck is sitting on a blue surface, holding a paintbrush. There are two paint cans, one red and one blue, next to it.

Ал соңында болса, тақырыпты бекіту не сол оқу-қызметінде алған білімді жинақтау мақсатында пайдаланады.

 A yellow duck is sitting at a wooden desk, writing on a piece of paper with a red pen. A large red letter 'A' is written on the paper.

Ойын балалардың оқуға деген ынтасын артырудың маңызды құралы. Олай болса ойындарды пайдаланудың маңызы өте зор. Ойындарды математика оқу-қызметінде қолдана отырып балаларды саналы ойлатуға үйретеміз. Нәтижесінде балалардың қаншалықты білім меңгергенін аңғаруға болады.



Я.А.Каменский: “Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі”, -деп атап көрсеткен болатын. Осы сөздің өзінен ақ балалардың танымдық әрекетін қалыптастыруда ойынның қаншалықты маңызы бар екенін түсінуге болады.

Ойынның түрлері көп. Соның бірі дидактиалық ойын.

Оқу-қызметінде тәрбиеші дидактиалық ойынды баланың ойлау іс-әрекетін жандандыруға арналған әдістемелік тәсіл ретінде пайдаланады.

Дидактикалық ойындардың тиімділігі олардың оқу-қызметінің әр кезеңіндегі орнымен міндетін және мақсатын дәл анықтауға оны қолданудың теориясымен практикасын тәрбиешінің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдардың жиынтығын алдын ала дайындап алуға, ойын үрдісінде балаларды белсенді қатыстыруға байланысты.





Дидактикалық ойындар:



*Дидактикалық ойындар
нақты, қысқа, қызықты,
тартымды болуы міндетті*

*Дидактикалық ойындарға
тапсырмалардың біртіндеп
күрделенуі тәсілдерін
меңгеруге
ықпал ету қажет;*



*Дидактикалық ойындарда
қолданылатын
материалдар мен көрнекіліктер
қарапайым
болу қажет*

*Ойындардағы тапсырмалардың
әр түрлі тәсілдермен
орындалуын
қадағалау қажет*

Нәтижесі

Өз бетінше ойлау қабілеті артады

Сөздік қорлары молайып, ойларын жеткізе алады

*Зейіндері, қабылдаулары, есте сақтау қабілеттері,
қиялдары жетіледі*

*Адамгершілікке, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа,
ұқыптылыққа, тәрбиеленеді.*







Пішін бойынша орналастыр



Ассоциациялар





Геометриялы пішіндер





www.dreamstime.com





Қорытынды:

Психология мен педагогикада ойындарды қолдану теориясымен практикасы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу жөнінде толықтай баяндалған. Мектеп жасына дейінгі балаларға қарапайым білім бөу барысында дидактикалық ойындар ұғымы пайда болған. Бірақта оқу-қызметінде қолданудың әдістемесі жасалмаған.

Жекеленген дидактикалық ойындардың өзіне тән ерешелігі оқу тапсырмаларына барынша назар аудару, балаларды зерттеу элементтеріне тарту болып табылады.





Пайдаланылған

1. Математикадан дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар. Ш.Х. Құрманалина, Р.Қ.Өміртаева Алматы “Атамұра” 1997ж
2. Математикадан өзіндік бақылау жұмыстары. Қ.Әубәкірқызы, Ә. Наурызбақызы Алматы “Рауан” 1995
3. Математика сабақтарындағы дидактикалық ойындар. “Хабаршы” Абай атындағы ҚазҰПУ.
-Алматы, 2007.-№1 (17)



An illustration of two children, a boy and a girl, standing next to a large spiral notebook. The boy is holding a large red pencil. The girl is looking at the notebook. A blue backpack is on the ground. The background features a smiling sun and green leaves. The text is written in red on the notebook page.

Назарларыңызға
рахмет!